

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
Төрағасының 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 298-нқ Бұйрығы.
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 6 қазанда № 7238 тіркелді

Агентство Республики Казахстан по регулированию естественных монополий

"Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5602 нөмірмен тіркелген, «Заң газеті» газетінің 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 53 (1650) нөмірінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау ережесінде:

31-тармақ бірінші бөліктен кейін мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Екі деңгейлі тарифтерді қолдану кезінде электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғаларға тиісті өңірдің жылумен жабдықтаушы, газбен жабдықтаушы



ұйымдары немесе жергілікті атқарушы органы ақпаратының негізінде орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталмаған үйлердің тұрғындары және орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесі жұмыс істемейтін бұрын газдандырылған үйлердің тұрғындары теңеседі.»;

37-1-тармақ екінші бөліктен кейін мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Үш деңгейлі тарифтерді қолдану кезінде электр плиталарын пайдаланатын жеке тұлғаларға тиісті өңірдің жылумен жабдықтаушы, газбен жабдықтаушы ұйымдары немесе жергілікті атқарушы органы ақпаратының негізінде орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталмаған үйлердің тұрғындары және орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесі жұмыс істемейтін бұрын газдандырылған үйлердің тұрғындары теңеседі.».

2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің аумақтық органдары осы бұйрықтың 1-тармағының төртінші абзацында көзделген жағдайлар орын алған бұрын қабылданған шешімдерге өзгерістер енгізісін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу департаменті (Қ.Т. Көккөзова) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Р.Е.Сүлейменова) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялауды және тиісті ақпаратты кейіннен Заң департаментіне (М.Ш.Мукушева) ұсынуды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.В.Шкарупаға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Н. Алдабергенов